**Приложение №1. Прогноз источников и потоков денежных средств эмитента, необходимых для выплаты вознаграждений и погашения суммы основного долга в разрезе каждого периода выплаты вознаграждений до момента погашения облигаций**

*Млрд тенге*

Дата	1 полугодие 2022 года	2 полугодие 2022 года	1 полугодие 2023 года	2 полугодие 2023 года	1 полугодие 2024 года	2 полугодие 2024 года	1 полугодие 2025 года	2 полугодие 2025 года	1 полугодие 2026 года	2 полугодие 2026 года	1 полугодие 2027 года
Депозиты <sup>1</sup>	458,65	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Итого поток по кредитному портфелю	111,05	337,19	211,91	215,92	210,04	209,51	194,97	211,3 <sup>2</sup>	184,66	223,13	123,60
Итого поток по заемному портфелю	-71,27	-670,41	-195,19	-96,44	-127,52	-176,36	-164,25	-141,82	-324,10	-96,98	-127,90
Итого поток по инвестиционному портфелю текущий	0,44	9,28	9,35	9,28	9,35	18,87	11,14	9,06	55,00	45,51	42,48
Итого приток по прочим активам	0,00	0,01	0,01	0,01	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Отток по ОАР, КПН и приобретению ОС и НМА	-1,82	-17,29	-21,64	-6,21	-6,21	-6,21	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
<b>Итого Приток</b>	<b>570,15</b>	<b>346,48</b>	<b>221,26</b>	<b>225,21</b>	<b>219,39</b>	<b>228,38</b>	<b>206,11</b>	<b>220,41</b>	<b>239,66</b>	<b>268,64</b>	<b>166,08</b>
<b>Итого Отток</b>	<b>-73,09</b>	<b>-687,69</b>	<b>-216,83</b>	<b>-102,65</b>	<b>-133,73</b>	<b>-182,57</b>	<b>-164,25</b>	<b>-141,82</b>	<b>-324,10</b>	<b>-96,98</b>	<b>-127,90</b>
ЧИСТАЯ ГЭП - ПОЗИЦИЯ	497,06	-341,21	4,43	122,56	85,66	45,81	41,86	78,5 <sup>3</sup>	-84,44	171,66	38,18
КУМУЛЯТИВНЫЙ ОСТАТОК (+)/РАЗРЫВ (-)	497,06	155,85	160,28	282,83	368,50	414,31	456,17	534,76	450,32	621,98	660,16

(1) [1] В т.ч. учитываются остатки денежных средств на корреспондентских счетах и по операциям «обратное РЕПО».

(2) [2] Данные прогнозы рассчитаны на основе Отчета об уровне ликвидности на 01.05.2022 года на неконсолидированной основе.

(3) [3] Потоки по ОАР, КПН и приобретению ОС и НМА получены из Плана развития, который разработан до 2023 года.



**Банк развития  
Казахстана**

**СЕГІЗІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА  
ШЕГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ  
БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**

**Эмитенттің толық атауы: «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы**

**Эмитенттің қысқартылған атауы: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ**

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу (облигациялық бағдарлама, облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы) анықтамалықта сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдардың берілуін білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дұрыстығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дұрыс екенін және эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бағалы қағаздар рыногындағы ақпараттың қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашылуын қамтамасыз етеді.

**Нұр-Сұлтан қ. 2022 ж.**

1. Осы облигациялар шығарылымы (бұдан әрі – «Облигациялар») «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Эмитент») сегізінші облигациялық бағдарламасының анықтамалығына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

2.1. Облигациялық бағдарлама анықтамалығын мемлекеттік тіркеу күні:

осы анықтамалықты мемлекеттік тіркеу Эмитенттің сегізінші облигациялық бағдарламасының анықтамалығын мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

2.2. Мыналардың шегінде шығару жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі:

50 000 000 000 (елу миллиард) теңге.

2.3. Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың алдыңғы барлық шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша жеке-жеке):

Облигациялардың осы шығарылымы Эмитенттің сегізінші облигациялық бағдарламасының шегінде бірінші болып табылады.

3. Облигациялардың шығарылымы туралы мәліметтер:

3.1. Облигациялардың түрі:

Қамтамасыз етілмейтін купондық облигациялар.

3.2. Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Облигацияның номиналдық құны белгіленген шама және 1 000 (мың) теңгеге тең болып табылады.

3.3. Облигациялар саны:

15 000 000 (он бес миллион) дана.

3.4. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге.

3.5. Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем төлеу валютасы:

Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Облигациялар бойынша борыштың және (немесе) есептелген сыйақының негізгі сомасын төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты теңгемен болса, теңгемен жүргізілетін болады.

Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тиісті жазбаша өтінішті алса, төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені тек АҚШ долларына және Еуроға ғана айырбастауға жол беріледі. Аталған айырбастау төлем жүзеге асырылған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Облигацияларды ұстаушыға – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталады.

Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде Облигацияны ұстаушы - Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол

берілмейді.

**4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:**

Осы шығарылымның Облигацияларын төлеу қолма-қол ақшасыз нысандағы ақшамен жүргізілетін болады.

**5. Облигациялар бойынша кіріс алу:**

*5.1. Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшерлемесінің көлемі:*

Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі айналыстың бүкіл мерзіміне белгіленеді және «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген мамандандырылған сауда-саттықты (бұдан әрі – «**Алғашқы өткізілген сауда-саттық**») өткізу қорытындылары бойынша айқындалады.

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің көлемі туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) (бұдан әрі – «**Биржа**») интернет-ресурсында жарияланатын болады.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

*5.2. Облигациялар бойынша сыйақы төлеудің мерзімділігі және (немесе) сыйақы төлеу күндері:*

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысының басталған күнінен бастап әр 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

*5.3. Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:*

Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады және Облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні аяқталады.

*5.4. Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «**Белгіленген күні**»).

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу Белгіленген күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Купондық сыйақы номиналдық құнның және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

*5.5. Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:*

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақытша базаны негізге ала отырып жүргізілетін болады.

**6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**7. Секьюритизация кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

## **8. Облигацияларды орналастырудың шарттары мен тәртібі:**

### *8.1. Облигацияларды орналастырудың басталу күні:*

Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногындағы айналыстың бүкіл мерзімі ішінде Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап жүргізіледі.

### *8.2. Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні:*

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

### *8.3. Облигацияларды орналастыру жоспарланған рынок (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногы):*

Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында орналастыру жоспарланады.

## **9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:**

### *9.1. Облигациялар айналысының басталу күні:*

Облигациялар айналысының басталған күні осы анықтамалықтың шарттарына сәйкес Алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні болып табылады.

Облигациялар айналысының басталған күні туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын болады ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)).

### *9.2. Облигациялар айналысының аяқталу күні:*

Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткен соң.

### *9.3. Айналыс мерзімі:*

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 5 (бес) жылды құрайды.

### *9.4. Облигациялардың айналысы жоспарланған рынок (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногы):*

Облигациялар айналысы ұйымдастырылған рынокта да, сондай-ақ ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында да жоспарланады.

## **10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:**

### *10.1. Облигацияларды өтеу күні:*

Облигациялар олардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі.

### *10.2. Облигацияларды өтеу тәсілі:*

Облигациялар олардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарына ақша аудару арқылы Облигациялардың номиналдық құны бойынша соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып өтеледі.

Барлық төлемдер – сыйақы төлеу және Облигацияларды өтеуді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

### *10.3. Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигацияларды шығару анықтамалығына сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы адамдардың, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі:*

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік

құқықтармен жүргізілмейді.

**11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болса, мыналар көрсетіледі:**

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген Облигацияларды шығару үшін сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

*11.1. Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:*

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз облигацияларын ұйымдастырылған рынокта олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде сатып алуға құқылы. Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалатын болады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзбауы тиіс.

*11.2. Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:*

Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі осындай шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және ақпаратты интернет-ресурстарда орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыра отырып, Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізіледі. Хабарламада Эмитент Облигацияларды сатып алуды жүргізу тәртібінің, шарттарының сипаттамасы мен күнін көрсетуі тиіс.

Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарын шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес ашады.

**12. Егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленсе, мыналар көрсетіледі:**

*12.1. Эмитенттен қабылданатын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:*

Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент мынадай қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы тиіс:

- а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және (немесе) Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуі керек;
- б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және (немесе) Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуі керек.

*12.2. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі Эмитенттің іс-қимыл тәртібі:*

Осы тармақта көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-

ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыра отырып, бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Осы тармақтың 12.3 тармақшасында көрсетілген Облигацияларды сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алу күні мен сатып алуға жататын Облигациялардың саны көрсетілген Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдайды. Сатып алуға жататын Облигациялардың санын Эмитент Облигацияларды ұстаушылар берген сатып алу туралы жазбаша талаптардың негізінде ғана айқындайтын болады.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұл туралы Облигация ұстаушыларына Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыра отырып хабарлайды.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде жүргізуі тиіс.

### *12.3. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:*

Осы тармақта көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені осы тармақтың 12.2-тармақшасында көзделген тәртіппен Эмитенттің шектеулерді (ковенанттарды) бұзғаны туралы ақпаратты бірінші жариялаған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке (Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша) өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап бере отырып, өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы мынадай деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша талап ете алады:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; нөмірі, күні және жеке басын куәландыратын құжатты берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы анықтамалықта көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

### **13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:**

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.

### **14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

### **15. Атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімі мен талаптары (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсетілген кепілдік берілген банктің деректері.**



Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

**16. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде - Концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.**

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:**

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Эмитент «жасыл» қаржыландыру саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келетін Эмитенттің «жасыл» жобаларын қаржыландыруға және (немесе) қайта қаржыландыруға жібереді. Жобаларды іріктеу Эмитент Басқармасының 2022 жылғы 1 ақпандағы шешімімен (№5/22 хаттама) бекітілген және «жасыл» облигациялардан түскен ақша қаражатын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асырудағы Эмитенттің жалпы ережелерін, бағыттарын, негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын (бұдан әрі – «Саясат») Эмитенттің «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының жасыл облигациялар саласындағы саясаты» ішкі құжатына сәйкес Эмитентпен жүзеге асырылатын болады. Саясат Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының жасыл облигациялар қағидаттарында (Green Bonds Principles, International Capital Market Association) және Несие нарығы қауымдастықтарының жасыл несие беру қағидаттарында (Green Loan Principles, Loan Market Association, Asia Pacific Loan Market Association және Loan Syndications & Trading Association) көрсетілген ұсынымдарды ескере отырып әзірленді, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Эмитенттің несие саясаты туралы меморандумға, Эмитенттің корпоративтік басқару кодексіне және Эмитенттің өзге де ішкі актілеріне сәйкес келеді. Эмитент Басқармасының шешімімен бекітілген саясат Эмитенттің ресми интернет-ресурсында орналастырылатын болады ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)).

Эмитент жыл сайын 25 желтоқсанға дейін Облигациялардан түскен қаражатты пайдалану, олардың нысаналы мақсаты туралы және «жасыл» жобалар қызметінің қоршаған ортаға әсері туралы есепті ашады. Есеп Эмитенттің ресми интернет-ресурсында жариялануы тиіс ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)).

Оларды қаржыландыру Эмитенттің Облигацияларды орналастырудан алған қаражаты есебінен жүзеге асырылатын «жасыл» жобаларды іске асыру кезінде Эмитент осы жобалардың Саясатта көрсетілген критерийлер мен стандарттарға сәйкестігіне тұрақты мониторингті жүзеге асыратын болады. «Жасыл» жобаларды қаржыландыру бойынша шешім қабылдау процесінде уәкілетті тұлғаның / органның / Эмитент тобының оң қорытындысының міндетті болуының көзделгенін назарға ала отырып, Саясатпен белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін жобаны қаржыландыру ықтималдығы алынып тасталды. Бұл ретте, егер Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны қаржыландыруға арналған жоба «жасыл» жобалар үшін Саясатпен белгіленген критерийлерге сәйкес келмесе, Эмитент мынадай шараларды қабылдайды:

- 1) Осы жобаны Эмитенттің жасыл жобалар қоржынынан алып тастайды және (а) жеке жасыл шотқа осы жобаны қаржыландыруға бұрын бағытталған Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты қайтаруды жүзеге асырады немесе (б) Саясатпен белгіленген критерийлерге сәйкес келетін алып тасталған жобаны өзге жобамен және (немесе) активпен ауыстыруды жүзеге асырады.
- 2) Эмитентпен 1-абзацта көрсетілген шараларды іске асыру мүмкін болмаған жағдайда, Эмитенттің уәкілетті органы Облигациялардың делистингі туралы шешімді қабылдайды және Эмитент облигацияларды облигацияларды шығару анықтамалығында көзделген тәртіппен сатып алуды жүзеге асырады.

Облигациялар әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

**18. Айналыс мерзімі өткен, бұрын эмитентпен орналастырылған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) қосымша осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік**

тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы көрсетіледі.

Облигацияларға ақы төлеу Эмитенттің бұрын орналастырылған облигациялары бойынша талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

#### 19. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

Облигация ұстаушылардың мынадай құқықтары бар:

- осы анықтамалықта көзделген мерзімде номиналды құнды алу құқығы;
- осы анықтамалықта көзделген мерзімде сыйақы алу құқығы;
- Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және Биржаның талаптарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару және оларға билік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда, оның ішінде осы анықтамалықта көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуын талап ету құқықтары;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

*Облигацияларды ұстаушылардың өткізу шарттары, тәртібі және мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда, оның ішінде осы анықтамалықта көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқықтары*

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздердің кез келгені басталған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың ең көбі бойынша: (1) Жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың тиісті номиналды құнының бағасы бойынша немесе (2) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент тиісті хабарламаны Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурстарында орналастыра отырып, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгені туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын сатып алғаны туралы хабарлар етеді. Көрсетілген хабарламада (i) Облигацияларды сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысының орын алғаны туралы ақпараттың; (ii) Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын аударудың; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпараттың болуы тиіс.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгенінің басталғаны туралы хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені Эмитентке (Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша) тиесілі облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап бере отырып, өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы мынадай деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша талап ете алады:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк

деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; нөмірі, күні және жеке басын куәландыратын құжатты берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алу күні мен сатып алуға жататын Облигациялардың саны көрсетілген Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдайды. Сатып алуға жататын Облигациялардың санын Эмитент Облигацияларды ұстаушылар берген сатып алу туралы жазбаша талаптардың негізінде ғана айқындайтын болады.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұл туралы Облигация ұстаушыларына Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыра отырып хабарлайды.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде жүргізуі тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы анықтамалықта көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Эмитент осы анықтамалықта көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда, сондай-ақ Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, осы анықтамалықтың тиісінше 12 және 20-тармақтарында Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуын талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері көзделген.

## **20. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар туралы мәліметтер:**

### *20.1. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы туындайтын оқиғалар тізбесі:*

Дефолт - Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Эмитенттің осы анықтамалықта көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері өткеннен кейін Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамауы облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «**Дефолт оқиғасы**») болып табылады.

Егер мұндай төлемеу және (немесе) толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруына немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің эмитентіне заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде ұсынбауына мүмкіндік бермейтін облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының дәйексіз немесе толық емес деректемелерін алуының нәтижесі болса, Эмитенттің осы анықтамалықта белгіленген мерзімде төлемеуі немесе сыйақыны және (немесе) Облигациялардың номиналды құнын толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

### *20.2. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитентпен қабылданатын шаралар:*

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитент ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әр күн үшін облигацияларды ұстаушылардың пайдасына өсімпұлды есептеуге және төлеуге міндетті.

Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, эмитент осы анықтама бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе оның алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салуы немесе шектеуі сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, эмитенттің осы анықтама бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне тең мерзімге кейінге шегеріледі.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнгізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушылардың Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың тиісті номиналды құнының бағасы бойынша сатып алу туралы жазбаша талаптарын қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнгізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа Эмитентпен әзірленген өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселелердің енгізілуі тиіс, оларды ұстаушылар сатып алуға мәлімдеген Облигациялардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) көлемін және (қажет болған кезде) Облигациялар шығарылымы анықтамалығына ықтимал өзгерістердің жобасын ескере отырып жасалуы тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша Эмитенттің төлем төлеу қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген болса және Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің мүмкін еместігі және (немесе) Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін қайта құрылымдаудың мүмкін еместігі туралы шешім қабылданса, сондай-ақ, егер Эмитент борышкердің несие берушілердің талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын заңнамада көзделген қоғамдық қатынастарды реттейтін мерзімде Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигациялар және Облигацияларды сатып алу бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың) одан арғы іс-қимылдары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем төлеу қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем төлеуге қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

20.3. Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-қимылдарын аудару, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғаларға талап қоюымен айналыс тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын

*дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері Эмитенттен облигациялар бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда:*

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай оқиғаны тудырған дефолттың себептерін жою және Облигацияны ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент Дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларды дефолт оқиғасы туралы тиісті хабарламаны Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында орналастыра отырып хабардар етеді. Хабарлама мыналарды қамтуы керек:

- i. дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- ii. дефолт туындаған күнгі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемін;
- iii. Дефолт оқиғасының туындауына әкеп соққан міндеттемелерді орындамау себептерін;
- iv. Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын аударуды;
- v. Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін Эмитентпен қабылданған немесе қабылданатын шаралар;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

*20.4. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (осындай тұлғалар болса):*

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар - жоқ.

**21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әр кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.**

Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы анықтамалықтың №1 қосымшасында берілген.

**22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты, Облигация ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

**23. Эмитенттің төлем төлеу агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Сыйақы төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлем төлеу агентінің қызметтерін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.

**24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсету жөнінде шарт жасасу бойынша міндет белгіленген жағдайда):**

24.1. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

- толық атауы: «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы;
- қысқартылған атауы: «Фридом Финанс» АҚ.

24.2. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

- орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, 3А т.о.;
- байланыс телефондарының нөмірі: +7 (727) 311-10-64, ішкі. 502, 616, 342.

24.3. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғамен эмитент шартының күні мен нөмірі:

2022 жылғы 20 сәуірдегі қаржы консультанты және андеррайтер қызметтерін көрсету туралы № ФФ-20042022 шарт.

24.4. Егер Эмитенттің пікірі бойынша осындай мәліметтерді ашу эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін елеулі болып табылса, Эмитенттің өзге консультанттары туралы мәліметтер осы тармақта көрсетіледі:

Эмитент облигацияларды шығару кезінде басқа консультанттарды тартқан жоқ.

Басқарма Төрағасының Орынбасары



*Б.Т. Әбішева*

Б.Т. Әбішева

**№1 қосымша Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әр кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы**

Млрд теңге

Күні	2022	2022	2023	2023	2024	2024	2025	2025	2026	2026	2027
	жылдың 1 жарты жылдығы	жылдың 2 жарты жылдығы	жылдың 1 жарты жылдығы	жылдың 2 жарты жылдығы	жылдың 1 жарты жылдығы	жылдың 2 жарты жылдығы	жылдың 1 жарты жылдығы	жылдың 2 жарты жылдығы	жылдың 1 жарты жылдығы	жылдың 2 жарты жылдығы	жылдың 1 жарты жылдығы
I депозиттер	458,65	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Несие коржыны бойынша ағымның жиыны	111,05	337,19	211,91	215,92	210,04	209,51	194,97	211,34	184,66	223,13	123,60
Қарыз коржыны бойынша ағымның жиыны	-71,27	-670,41	-195,19	-96,44	-127,52	-176,36	-164,25	-141,82	-324,10	-96,98	-127,90
Инвестициялық коржын бойынша ағымдағы ағымның жиыны	0,44	9,28	9,35	9,28	9,35	18,87	11,14	9,06	55,00	45,51	42,48
Басқа активтер бойынша ағымның жиыны	0,00	0,01	0,01	0,01	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ЖӘШ, КТС және НҚ және МЕА сатып алу бойынша ағын	-1,82	-17,29	-21,64	-6,21	-6,21	-6,21	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
<b>Ағын Жиыны</b>	<b>570,15</b>	<b>346,48</b>	<b>221,26</b>	<b>225,21</b>	<b>219,39</b>	<b>228,38</b>	<b>206,11</b>	<b>220,41</b>	<b>239,66</b>	<b>268,64</b>	<b>166,08</b>
<b>Жылыстау Жиыны</b>	<b>-73,09</b>	<b>-687,69</b>	<b>-216,83</b>	<b>-102,65</b>	<b>-133,73</b>	<b>-182,57</b>	<b>-164,25</b>	<b>-141,82</b>	<b>-324,10</b>	<b>-96,98</b>	<b>-127,90</b>
ТАЗА ГЭП - ПОЗИЦИЯ	497,06	-341,21	4,43	122,56	85,66	45,81	41,86	78,59	-84,44	171,66	38,18
КУМУЛЯТИВТІК ҚАЛДЫҚ (+)/АЛШАҚТЫҒЫ (-)	497,06	155,85	160,28	282,83	368,50	414,31	456,17	534,76	450,32	621,98	660,16

(1) [1] Оның ішінде корреспонденттік шоттардағы және «кері РЕПО» операциялары бойынша ақша қаражатының қалдықтары есепке алынады.

(2) [2] Бұл болжамдар шоғырландырылмаған негізде 01.05.2022 жылға арналған өтімділік деңгейі туралы есептің негізінде есептелген.

(3) [3] ЖӘШ, КТС және НҚ және МЕА сатып алу бойынша ағындар 2023 жылға дейін әзірленген даму жоспарынан алынды.

«Қазақстанның даму банкі» АҚ  
АТ «ЕЭК развития Казахстана»

№: 5Н, НӨМ.РД. 1ЕН

ПРОШУРУБАНО, ПИ-ЖУМЕРОВАНО

26 (шешен) күні

шешен

КҮНІ 27 маусым 2022 ж.

DATA

